

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
(Шымкент, Қазақстан) мен**

**----- УНИВЕРСИТЕТІ  
(-----, -----)**

арасындағы

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ**

**Шымкент  
Қазақстан**

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ж.

Университеттер арасындағы білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында, бірінші тарап – **«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы-Ректор *Сугирбаева Гульжан Даулетбековна* және екінші тарап – **-----  
--- университетінің атынан Ректор -----** (әрі қарай – Тараптар), осы ынтымақтастық меморандумына қол қойды (әрі қарай – Меморандум):

**1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ**

1.1. Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметінде іскерлік өзара тиімді ынтымақтастықты орнату.

**2. МЕМОРАНДУМ ТӨМЕНДЕГІЛЕРДІ КӨЗДЕЙДІ:**

2.1. Білім беру үдерісін жетілдіруде, оқытудың заманауи әдістері мен жүйелерін пайдалануда, осы саладағы инновациялық технологияларды қолдануда өзара тығыз ынтымақтастық орнатып, тәжірибе алмасу;

2.2. Білім алушылар (бакалавриат, магистратура, докторантура) мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру;

2.3. Магистранттар мен докторанттарға, оқытушы-профессорлар құрамына ғылыми-зерттеу тағылымдамасын ұйымдастыру, бірлескен курстарды өткізу;

2.4. Ғылыми кеңестер мен симпозиумдарды ұйымдастыру; мамандар мен студенттерді тарта отырып, бірлесіп қатысу және ғылыми зерттеулер жүргізу;

2.5. Бірлескен зерттеу жұмыстары; мемлекеттік, халықаралық, қоғамдық және жеке қорлар мен ұйымдар жариялаған гранттарға бірлесіп қатысу;

2.6. Мақалалар, баяндамалар және бірлескен монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, жинақтар мен ғылыми еңбектер және басқа оқу материалдарын шығару;

2.7. Ғылыми ақпаратпен, жарияланымдармен, материалдармен және біліммен алмасу; зерттеулер жүргізу үшін ғылыми орталықтар мен ғылыми зертханаларға қолжетімділікті ұйымдастыру;

2.8. Дәріс оқуға, семинарлар мен консультациялар өткізуге жоғары білікті мамандарды, профессорларды шақыру;

2.9. Тараптардың ғалымдары мен оқытушыларына ғылыми жұмыстардың, бакалаврлардың, магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеу жұмыстарының рецензенттері, ғылыми жетекшілері, қосалқы жетекшілері, консультанттары ретінде әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз ету;

2.10. Жоспарланған ғылыми конференциялар, ғылыми семинарлар туралы ақпарат алмасу және оларға әріптес университет өкілдерінің қатысуы үшін жағдай жасау, оқытушылар мен қызметкерлердің ғылыми еңбектерін университеттің мерзімді басылымдарында басып шығаруға рұқсат беру, жарияланым туралы ақпараттандыру;

2.11. Ынтымақтастықтың осы нысандарын іске асыру мақсатында Тараптардың өкілдері бір-бірімен консультациялар жүргізе алады және жоғарыда аталған ынтымақтастықтың әрбір немесе барлық бағыттары бойынша арнайы ынтымақтастық жоспарларын әзірлей алады.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Тараптар монография, оқулықтар, мақалалар мен шолулар түрінде жариялануы мүмкін бірлескен жұмыстың нәтижелерін пайдалануда тең құқықтарға ие. Осы Меморандумда еш нәрсе белгілі бір зияткерлік меншікке меншік құқығын өзгертпейді немесе оған ешқалай әсер етпейді;

3.2. Тараптардың әрқайсысы осы Меморандумды іске асыру шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыруға және ортақ істерді жүргізуге қатысты барлық ақпаратпен және құжаттамамен танысуға құқылы;

3.3. Осы Меморандум Тараптарға ешқандай мүліктік және қаржылық міндеттемелерді жүктемейді және олардың жарғылық қызметін жүзеге асыру кезінде олардың тәуелсіздігі мен дербестігіне ешқандай шектеулер қоймайды;

3.4. Нақты ынтымақтастық іс-шаралары, осы Меморандумды іске асыру процесінде туындауы мүмкін Тараптар арасындағы барлық қаржылық қатынастар, оларды іске асыру мерзімдері және басқа да ағымдағы мәселелер Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісімдермен ресімделеді.

### **4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

4.1. Мәліметтерді түсіну мен түсіндірудегі, сондай-ақ, осы Меморандумның талаптарын орындаудағы кез келген келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді;

4.2. Тараптар келіссөздер арқылы шеше алмаған мәселелер, басқа юрисдикцияның заңнамасында коллизия тармағы қолданылатын болса, сол коллизия тармағын қоспағанда, жауапкер Тараптың негізгі оқу орны орналасқан елдің заңнамасына сәйкес шешіледі.

### **5. МЕМОРАНДУМНЫҢ МЕРЗІМІ**

5.1. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы әрекет етеді.

5.2. Егер осы Меморандумның қолданылу мерзімінің аяқталуына бір ай қалғанда Тараптардың ешқайсысы оны тоқтату немесе өзгерту туралы мәлімдемесе, осы Келісім сол мерзімге және сол шарттарға ұзартылған болып есептеледі.

## 6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Меморандум ағылшын және қазақ тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін екі данадан жасалған, олардың заңдық күші бірдей. Ынтымақтастық туралы меморандумның мәнін түсіндіруде қарама-қайшылықтар болған жағдайда, оның ағылшын тіліндегі нұсқасы басымдыққа ие болады.

6.2. Осы Меморандумда көзделмеген Тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының және ----- қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралады.

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛЫ МЕН РЕКВИЗИТТЕРІ

**«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы  
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық  
университеті» КеАҚ**  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.  
Байтұрсынов к., №13, инд.160012  
Тел.: +7 (725) 239 02 44  
E-mail: [info@okmpu.kz](mailto:info@okmpu.kz)

----- университеті  
-----,  
-----  
Тел.: -----  
E-mail: -----

**Басқарма төрағасы-Ректор**

**Ректор**

\_\_\_\_\_ Сугирбаева Г.Д.

\_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_ / \_\_\_\_ / 20\_\_ ж.

Күні: \_\_\_\_ / \_\_\_\_ / 20\_\_ ж.